

Курчатов қалалық мәслихатының 2018 жылғы 20 маусымдағы № 21/169-VI "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Абай облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2023 жылғы 23 мамырдағы № 4/30-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 26 мамырда № 81-18 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 14/84-VIII шешімі.

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Курчатов қалалық мәслихатының 27.12.2023 № 14/84-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Курчатов қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Курчатов қалалық мәслихатының 2018 жылғы 20 маусымдағы № 21/169-VI "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-3-126 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін Абай облысының әкімдігімен бекітілген ережелер негізінде жүзеге асырады.";

6-тармақ келесі мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе I және II дәрежелі "Батыр – ана" алқасымен марапатталған жасы бойынша зейнеткерлер, I және 2 топтағы мүгедектер, зейнеткерлік жасқа жеткен көп балалы аналар, "Ана даңқы" ордендерімен, 53 жасқа толған 8 жасқа дейінгі 5 және одан да көп бала туған (асырап алған) әйелдер және 5 жастан кем емес төтенше және ең жоғары тәуекел аумақтарында тұрған азаматтар 1949 жылғы 29 тамыздан 1963 жылғы 5 шілдеге дейін жылына бір рет жан басына шаққандағы орташа табысты есепке алмағанда, санаториялық-курорттық жолдамалар беру арқылы жыл сайын санаториялық-курорттық емделумен қамтамасыз етілді.

Мүгедектігі бар баланы санаториялық-курорттық емдеуге алып баратын заңды өкілдердің біріне кепілдік берілген соманың 70 пайыз мөлшерінде шығындарын өтеуді қарастырсын.

9-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"амбулаториялық емдеуде жатқан туберкулезбен ауыратын наукастарға – 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;"

10-тармақтың екінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Әлеуметтік көмектің шекті мөлшері 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгені құрайды.";

11-тармақтың 4) тармақшасының:

бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектігі бар адамдарға – 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге, сондай - ақ жергілікті бюджет қаражатынан қосымша 100 000 (жүз мың) теңге;"

он бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға – 70 000 (жетпіс мың) теңге, оның ішінде: 50 000 (елу мың) теңге жергілікті бюджет қаражатынан және 20 000 (жиырма мың) теңге облыс бюджеті қаражатынан).".

11 тармақтың 6) тармақшасының екінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, қуғын-сүргіндерде болған тұлғаларға – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;"

13-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);" ;

14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"Құжаттар салыстырып тексеру үшін төлнұсқамен ұсынылады, содан соң құжаттардың төлнұсқасы көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер ұсынылмайды.".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Курчатов қалалық мәслихатының төрайымы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК